

Талғар ауданы елді мекендерінің шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 1 маусымдағы № 32-196 шешімі және Талғар ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 1 маусымдағы N 06-381 қаулысы. Алматы облысы Талғар ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 маусымда № 2-18-107 тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 108 бабының 5 тармағына, “Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 12 бабының 3 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және аудандық әкімдік **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Талғар ауданы елді мекендер жерінің құрамына елді мекендерді кеңейтуге және осыған байланысты қоса беріліп отырған схемалық карталарға сәйкес, төмендегі Талғар аудан елді мекендерінің шекаралары (шегі) мынадай болып өзгертілсін:

Алатау ауылдық округінің елді мекендерінің шекарасына барлығы 7,66 гектар жер аумағы енгізілсін, оның ішінде: Рысқұлов ауылына – 7,66 гектар,

Гүлдәла ауылдық округінің елді мекендерінің шекарасына барлығы 3,4 гектар жер аумағы енгізілсін, оның ішінде: Әлмерек ауылына – 3,4 гектар,

Кеңдала ауылдық округінің елді мекендерінің шекарасына барлығы 5,2 гектар жер аумағы енгізілсін, оның ішінде: Кеңдала ауылына – 5,2 гектар,

Көктөбе ауылдық округінің елді мекендерінің шекарасына барлығы 4,76 гектар жер аумағы енгізілсін, оның ішінде: Ақтөбе ауылына – 1,21 гектар, Көлсай ауылына – 3,55 г е к т а р .

2. “Талғар аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі” мемлекеттік мекемесі қосылған жер учаскелеріне белгіленген тәртіппен қала құрылыс құжаттарын д а й ы н д а с ы н .

3. “Талғар аудандық жер қатынастары бөлімі” мемлекеттік мекемесі қолданылып жүрген есеп құжаттамаларына өзгертулер енгізілсін.

4. Осы бірлескен шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т

сессиясының төрағасы *Әшімова С. О.*
Аудандық мәслихат хатшысы *Ыдралиева Р. М.*
Аудан әкімі *Өмірәлиев Т. Ә.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК